

**«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы және «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы (KAZAKHSTAN ELECTRICITY GRID OPERATING COMPANY) «KEGOC» акционерлік қоғамы арасындағы қарым-қатынастар туралы келісім**

Қазақстан заңнамасына сәйкес құрылған, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Кabanбай батыр даңғылы, 23-үй мекенжайы бойынша тіркелген «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қор») және Қазақстан заңнамасына сәйкес құрылған, Қазақстан Республикасы, Астана қ., 010010, Алматы ауданы, Тәуелсіздік көшесі. 59 ғимарат мекенжайы бойынша тіркелген «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы (KAZAKHSTAN ELECTRICITY GRID OPERATING COMPANY) «KEGOC» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Компания»), арасында (әрқайсысы жеке-жеке — «Тарап», бірлесе «Тараптар» немесе жоғарыда көрсетілгендей) Астана қ. 2014 жылғы « » қазанда:

(a) Келісімге қол қойылған күні Қор Компанияның жалғыз акционері болып табылатындығы,

(b) Компания Жаңа Акцияларды ҚҚБ-да Компанияның барлық акцияларын ҚҚБ «акциялары» секторының бірінші санатына енгізе отырып орналастыруды жүзеге асыруды жоспарлап отырғандығы,

(c) Орналастыру қорытындылары бойынша Қор Компанияның жалғыз акционері мәртебесін жоғалтса да, Компания Акцияларының 90 (тоқсан) пайыздан астамын иеленуін жалғастыратындығы себепті қарым-қатынастар туралы келісім (бұдан әрі— «Келісім») жасалды.

Осы арқылы, Келісім көздеген шарттарды назарға ала отырып, Тараптар мыналар туралы келісті:

## 1. АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ТҮСІНДІРМЕЛЕР

1.1 Келісімде мына анықтамалар қолданылады:

**«Акциялар»** Компанияның KZ1 C34930012, ISIN KZ1C00000959 Ұлттық сәйкестендіру нөмірімен тіркелген жай акцияларын, «Акционерлер» Акциялардың меншік иелерін білдіреді.

**«Қор директоры»** Директорлар кеңесінде Қордың өкілі болып табылатын Директорды білдіреді.

**«Еншілес компания»** кез келген: (I) басқа заңды дауыс беруші акциялары немесе жарғылық капиталдағы қатысу үлестері 50 (елу) және одан көп пайызын тікелей немесе жанама бақылаушы; және/немесе (II) осындай басқа заңды тұлғаға қатысты қабылдайтын шешімдерді белгілеуге құқылы заңды тұлғаны білдіреді.

**«АҚ туралы Заң»** 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңын білдіреді.

**«Қазақстан заңнамасы»** Конституцияны және Қазақстан Республикасын барлық заңдарын, үкімдерін, қаулыларын және басқа да нормативтік құқықтық актілерін білдіреді.

**«Инвестициялық Меморандум»** Компания шығаруы және ҚҚБ-да Орналастыру арқылы жариялануы тиіс инвестициялық меморандумды білдіреді.

**«Компанияның инсайдерлік ақпараты»** «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі заңында берілген мағынаға ие.

**«Компанияның құпия ақпараты»** Қазақстан заңнамасына сәйкес Компания оған қатысты тікелей оның құпия сипаты туралы көрсеткен қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылмайтын мәліметтерден басқа кез келген ақпаратты, сонымен қатар осы Келісімді жасау және орындаумен және/немесе Компанияның Орналастыруға дайындығымен байланысты кез келген ақпаратты білдіреді.

**«Қордың құпия ақпараты»** Қазақстан заңнамасына сәйкес Қор оған қатысты тікелей оның құпия сипаты туралы көрсеткен қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылмайтын мәліметтерден басқа кез келген ақпаратты, сонымен қатар осы Келісімді жасау және орындаумен және/немесе Компанияның Орналастыруға дайындығымен байланысты кез келген ақпаратты білдіреді.

**«Корпоративтік басқару кодексі»** Компанияның корпоративтік басқару кодексін білдіреді.

**«Ірі мәміле»** аталған терминге АҚ туралы заңда берілген мағынаға ие.

**«ҚҚБ»** «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ны білдіреді.

**«Тәуелсіз директор»** белгіленген тәртіпте тағайындалған тәуелсіз директорларға АҚ туралы заңға сәйкес қойылатын талаптарға сай Директорлар кеңесінің кез келген мүшесін білдіреді.

**«Жаңа акциялар»** Компанияға Орналастыру арқылы сату ұсынылған Акцияларды білдіреді.

**«Ақпаратты жария ету және оның айқындығы»** «Ақпаратты ашу» Листингтік қағидалардың 4-тарауын, «Қазақстан қор биржасы» АҚ Биржалық кеңесінің (2009 жылғы 05 қарашадағы N9 29 (3) хаттама) шешімімен бекітілген «Қазақстан қор биржасы» АҚ білдіреді.

**«Басқарма»** Компания басқармасын білдіреді.

**«Жұмыс күні»** Қазақстан Республикасындағы мереке және демалыс күндерінен басқа дүйсенбі мен жұма аралығындағы кез келген күнді білдіреді.

**«Орналастыру»** Жаңа Акцияларды Қазақстанда бастапқы нарықта ҚҚБ талаптарына сәйкес ұсыну мен сатуды білдіреді.

**«Жүйелі күш-жігер»** Қордың Келісім белгілеген, Қазақстан заңнамасына сәйкес мақсаттарға қол жеткізуіне бағытталған өз құзыреті шеңберінде қабылдайтын іс-қимылдарын білдіреді.

**«Жасалуында мүдделілік бар мәміле»** бұл терминге АҚ туралы Заңда берілген мағынаға ие.

**«Директорлар кеңесі»** Компанияның Директорлар кеңесін білдіреді.

**«Жарғы»** Компанияның жалғыз акционері —Қор Басқармасының 2013 жылғы 9 сәуірдегі шешімімен ( N217/13 хаттама) бекітілген Компанияның Жарғысын білдіреді.

1.2 Келісімдегі мыналарға кез келген сілтеме:

(a) «қандай да бір тұлға» кез келген жеке тұлғаға, фирмаға, компанияға, бірлескен кәсіпорынға, корпорацияға, үкіметке, мемлекетке немесе мемлееттік органға немесе кез келген бірлестікке немесе серіктестікке (әріптестікке) (ол өз бетінше субъекті құқығына ие немесе ие еместігіне қарамастан) сілтеме ретінде түсіндірілуі;

(b) қандай да бір заңға, нормативтік құқықтық актіге, қағидаға, нұсқаулыққа, ережеге, шартқа, келісімге, құралға немесе басқа да құжатқа дүркін-дүркін енгізілетін өзгерістерді, толықтыруларды немесе қабылданатын жаңа редакцияларды есепке ала отырып, оған сілтеме ретінде түсіндірілуі;

(c) Келісім баптарының атаулары тек қана ыңғайлылық мақсаты үшін енгізілген және оның түсіндірілуіне ықпал етпейді;

(d) «енгізу» және «енгізе отырып» сөздері қандай да бір шектеулерсіз түсіндірілулері тиіс;

(e) егер мәнмәтіннен басқасы туындамаса, жалғыз тұлғаны білдіретін сөздерге көпше түрі енгізіледі және керісінше, ал қандай да бір грамматикалық түрде келтірілген сөздер әрбір басқа грамматикалық түрге сілтемені қоса алады;

(f) «жазбаша түріндегі» деген сөздерге сөздерді түсінікті өзгермейтін нысанда жеткізу тәсілі енеді; және

(g) баптар мен тармақтарға сілтемелер Келісімнің баптары мен тармақтарына сілтеме болып табылады.

2. Күшіне ену

2.1 Келісімнің 9-бабында көзделген құпиялылық бойынша міндеттемелерден басқа, Келісім бойынша міндеттемелер кез келген акционердің Жаңа акцияларға құқығы тіркелген сәттен бастап күшіне енеді. Келісімнің 9-бабы Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған күнен бастап күшіне енеді.

3. Жалпы міндеттемелер

3.1 Тараптардың міндеттемелері:

(a) Тараптар Компанияны басқару мақсатында Компанияның мүдделерін және Компанияның барлық акционерлеріне адал қарым-қатынасты есепке ала отырып, Компанияны басқару мақсатында Жарғыларға, ішкі құжаттарға, соның ішінде Компанияның корпоративтік басқару кодексіне, сонымен қатар Қазақстан

заңнамасына сәйкес жүйелі күш-жігер қабылдауды міндеттеріне алады;

(b) Тараптар Компанияның бағалы қағаздары листингтен өткен немесе мыналарға әкелетіндей дәрежесіне нұсқан келтіретіндей қандайда бір іс-қимылдар жасамайды (немесе қандай да бір әрекетсіздікке жол бермейді):

(I) Орналастырған соң листинг талаптарына сай келмейтіндігіне;

(II) Компания ҚҚБ талаптарын бұзуына; немесе

(III) Қорға Акцияның делистингіне, айналымдағы барлық Акцияларды кейіннен Акциялардың ықтимал делистингі шартымен сатып алу туралы қандай да бір ортақ ұсыныс жіберуге тыйым салмайды;

(c) Тараптар Компанияны Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне және Компанияның басқа да ішкі құжаттарына және Қордың Еншілес Компанияларына қолданылатын Қор құжаттарына сәйкес басқаруды міндеттеріне алады және Қор Ақпаратты жария ету және оның айқындығы қағидасы бойынша өз міндеттерін Акцияға құқықтарына қатысты таниды және осындай Ақпараттың ашықтығы және оны ашу қағидасын сақтауды міндетіне алады;

(d) Қор Компания қызметі бойынша есептерде ұсынылатын ақпараттың сақталуы мен құпиялылығын қамтамасыз етеді және оны Компанияның келісімінсіз жариялауға немесе Қазақстан заңнамасында көрсетілген жағдайлардан басқа жағдайларда көрсетуге құқығы жоқ;

(e) Қор Компанияға және оның Еншілес компанияларына қатысты Қор бекіткен Қазақстан заңнамасында көзделген Компания акционерлерінің Акция иеленулерімен байланысты тиесілі құқықтарын шектеуді туындататын ішкі нормативтік құжаттарды қолданбайды;

(f) Қор Қордың Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі және Компанияның Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын Қордың басқа қызметкерлері:

(I) осындай ақпарат негізінде Жаңа акциялармен мәмілелерді жүзеге асырмаулары;

(II) осындай ақпараттың құпиялылығын сақтау үшін Жүйелі күш-жігер салады;

(g) Қор осы Келісімнің талаптарын Қор Директорларына жеткізуді міндетіне алады және Директорлар кеңесінің қарауына шығаратын Компания қызметі мәселелері бойынша Қор Директорларының дауыс беруін корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес қамтамасыз ету үшін Жүйелі күш-жігер жұмсайды;

(h) Тараптар Компания дивидендтерді өзінің дивидендтік саясатына және Компания Жарғысына сәйкес төлеуі үшін жүйелі күш-жігер жұмсауды міндеттеріне алады.

3.2 Тараптар кез келген мәмілені жасайды (оларға кез келген өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді, сонымен қатар іске асыру немесе мәжбүрлі орындауды қоса алғанда) және Қор және/немесе оның Еншілес компаниялары және Компания және/немесе оның Еншілес компаниялары арасында әдеттегі нарықтық шарттарда және қатаң коммерциялық бастамамен, соның ішінде, Қор тобының іскери тәжірибесінде қабылданған қарым-қатынастарды қалыптастырады, жасалуында мүдделілік бар барлық Мәмілелер егер бұларды қолдану мүмкін болса, Қазақстан заңнамасы талаптарына және ҚҚБ ережелеріне сәйкес жасалады. Қор, егер бұндай іс-қимыл немесе әрекетсіздік Компанияға және Еншілес компанияларға өзінің шаруашылық қызметін жоғарыда көрсетілген шартқа сай жүзеге асыруға кедергі келтіретін болса, іс-қимылдар қолданбайды немесе әрекетсіздік танытады.

3.3. Компания Қорға Компанияның қызметі туралы есептерді Қордың және Компанияның ішкі құжаттары белгілеген тәртіпте және мерзімдерде ұсынуды міндетіне алады.

3.4. Компания ішкі бизнес-процестерді (бизнес-жоспарлау, активтерді басқару, кредиттеу, инвестициялық қызмет, тәуекелдерді басқару және т.б.) Компанияның Басқармасы немесе Директорлар кеңесі бекітетін саясаттарға, ережелер мен басқа құжаттарға және Қордың синхрондалған тиісті бизнес-процестеріне сәйкес ұйымдастыруды міндетіне алады.

#### 4. Куәландырулар мен кепілдіктер

4.1. Қор Компанияға мыналарды куәландырады және кепілдік береді:

(a) Қордың Келісім жасау мен орындау үшін барлық қажетті құқықтары мен уәкілеттіктері бар;

(b) Келісім Қордың шарттарына сәйкес орындалуы міндетті міндеттемелерін білдіреді;

(c) Қордың Келісім бойынша міндеттемелерді жасауы және оларды орындауы:

(I) Жарғының немесе корпоративтік басқару кодексінің және Қордың тиісті ішкі құжаттарының қандай да бір ережесін қандай да бір бұзылуына әкелмейді;

(II) қандай да бір актінің бұзылуына әкелмейді және Қор оның тарабы болып табылатын немесе Қор үшін міндетті болып табылатын және Келісімде көзделген мәмілелердің мәнмәтінінде маңызды болып табылатын қандай да бір акті бойынша міндеттемелерді орындамауды білдірмейді;

(III) қандай да бір бұйрықтың, шешімнің немесе кез келген соттың немесе Қор үшін міндетті болып табылатын мемлекеттік органның ұйғарымын бұзылуына әкелмейді және Келісімде

көзделген мәмілелердің мәнмәтінінде маңызды болып табылады; немесе

(IV) Қордың қандай да бір мемлекеттік немесе реттеуші орган тарапынан қандай да бір келісімді немесе мақұлдауды алуын талап етпейді, ол Келісім жасалған күні алынбаған, Келісім жасалған күні жіберілмеген қандай да бір мемлекеттік немесе реттеуші орган атына қандай да бір хабарламаны жіберуді және Келісім жасалған күні жүзеге асырылмаған қандай да бір мемлекеттік немесе реттеуші органда қандай да бір тіркеуді жүзеге асыруды талап етпейді.

4.2. Компания Қорға мыналарды куәландырады және кепілдік береді:

(a) Компанияның Келісім жасау мен орындау үшін барлық қажетті құқықтары мен уәкілеттіктері бар;

(b) Келісім Компанияның шарттарына сәйкес орындалуы міндетті міндеттемелерін білдіреді; және

(c) Компанияның Келісім бойынша міндеттемелерді жасауы және оларды орындауы:

(I) Жарғының немесе корпоративтік басқару кодексінің және Компанияның тиісті ішкі құжаттарының қандай да бір ережесін қандай да бір бұзылуына әкелмейді;

(II) қандай да бір актінің бұзылуына әкелмейді және Компания оның тарабы болып табылатын немесе Компания үшін міндетті болып табылатын және Келісімде көзделген мәмілелердің мәнмәтінінде маңызды болып табылатын қандай да бір акті бойынша міндеттемелерді орындамауды білдірмейді;

(III) қандай да бір бұйрықтың, шешімнің немесе кез келген соттың немесе Компания үшін міндетті болып табылатын мемлекеттік органның ұйғарымының бұзылуына әкелмейді және Келісімде көзделген мәмілелердің мәнмәтінінде маңызды болып табылады; немесе

(IV) Компанияның қандай да бір мемлекеттік немесе реттеуші орган тарапынан қандай да бір келісім немесе мақұлдауды алуын талап етпейді, ол Келісім жасалған күні алынбаған, Келісім жасалған күні жіберілмеген қандай да бір мемлекеттік немесе реттеуші орган атына қандай да бір хабарламаны жіберуді және Келісім жасалған күні жүзеге асырылмаған қандай да бір мемлекеттік немесе реттеуші органда қандай да бір тіркеуді жүзеге асыруды талап етпейді.

4.3 Тараптардың әрқайсысы басқа Тарапқа осы Келісімде жазылған барлық куәландырулар мен кепілдіктер осы Келісімге екі Тарап қол қойған күні жарамды және рас болуы тиіс 4.1 (c) (II) және (III) және 4.2 (c) (II) и (III) тармақтарда жазылған куәландырулар мен кепілдіктерден басқа, осы Келісімге екі Тарап қол қойған күні, осы Келісім бойынша міндеттемелердің күшіне ену күніне және осы Келісімнің қолданысы мерзімі ішіндегі кез келген басқа күні осы

Келісім бойынша міндеттемелер жарамды және рас болып табылатындығын куәландырады және кепілдік береді.

## 5. Құқықтық қорғау құралдары, құқықтардан бас тарту және өзгерістер

5.1. Қандай да бір Тараптың Келісім бойынша кез келген құқықты, уәкілеттікті немесе артықшылықты жүзеге асырмауы немесе уақтылы жүзеге асырмауы Тараптар арасындағы қарым-қатынастарда орнатылған тәртіп сияқты, кез келген осындай құқық, өкілеттіктер немесе артықшылықтардан бас тарту болып табылмайды және Келісім бойынша кез келген құқықты, уәкілеттікті немесе артықшылықты ешқандай бір реттік немесе ішінара жүзеге асыру осындай құқықты, уәкілеттікті немесе артықшылықты, кез келген қазіргі уақытта немесе болашақта басқаша жүзеге асыруға кедергі келтірмейді.

5.2. Келісім тікелей көздеген құқықтық қорғаудың құқықтары мен құралдары жалпы сипатта және кез келген Тарап басқа негізде иеленген құқықтық қорғаудың қандай да бір құқықтар немесе құралдарды алып тастамайды.

5.3. Келісім өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін, сонымен қатар оны орындауға қатысты бас тарту мәлімделуі мүмкін немесе ол тек екі Тарап қол қойған жазбаша келісім негізінде бұзылуы мүмкін.

## 6. Ішінара жарамсыздығы

6.1. Егер Келісімнің бір немесе бірнеше ережесі заңсыз, жарамсыз немесе кез келген юрисдикцияда қандай да бір тұрғыда талап арыздық күші болмаған жағдайда, бұл ешқандай да Келісімнің қалған ережелерінің талап арыздық күшінің жарамдылығын қозғамайды және шек қоймайды және Тараптар осыған байланысты Келісімде көрсетілген келісушіліктердің іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында баламалы ережелерді келісу үшін адал келіссөздер жүргізуге міндетті болады.

## 7. Келісушіліктің толықтығы

7.1. Келісім Тараптар арасындағы оның мәніне қатысты және өзі Тараптар немесе олардың кез келгені ауызша немесе жазбаша (және егер жазбаша болса, жоба дайындалған, дайындалмағанына қарамастан) жасаған кез келген сипаттағы бұрынғы шарттарды, міндеттемелерді, келісімдерді және өтініштерді алмастырады және жояды, толық және жалғыз келісімді білдіреді.

## 8. Даналары

8.1. Келісімнің әр қайсысы қол қойылған соң түпнұсқа болып табылатын, бірақ бірлесе сол бір құжатты құрайтын екі данасына қол қойылуы мүмкін.

## 9. Құпиялылық

9.1. Қор Компанияның кез келген Құпия ақпаратына қатысты құпиялылықты сақтауды, сонымен қатар мыналарды ашудан басқа, Компанияның алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қор да, оның қызметкерлері де қандай да бір нысанда немесе қандай да бір тәсілмен Компанияның құпия ақпаратын ашпауды қамтамасыз етуді міндетіне алады:

(a) Келісімде тікелей көзделген жағдайларда;

(b) өз директорларына, лауазымдық тұлғаларына, қызметкерлеріне және консультанттарына немесе осындай ақпарат оның міндеттерін орындау үшін қажетті Қордың басқа Еншілес компанияларына, олар осындай ақпараттың құпия сипаты туралы хабардар және жарияламау туралы міндеттерді өзіне қабылдаған жағдайда;

(c) Директорлар кеңесінің келісімімен;

(d) бұл заңға қатысты немесе кез келген мемлекеттік немесе басқа да реттеуші органның (ҚҚБ қоса алғанда) талап етуі жағдайларында, оның талаптарын Қор (немесе оның кез келген Еншілес компаниялары) немесе оның алдында Қор (немесе оның кез келген Еншілес компаниясы) есеп беретін компания сақтауға міндетті, егер бұл барынша мүмкін және заңмен рұқсат етілген болса, Қор Компанияға ашылуы тиіс деректердің көшірмесін ашылғанға дейін ұсынса, сонымен қатар осындай деректерге Компания негізді талап еткен кез келген өзгерістер немесе толықтыруларды енгізеді;

(e) осындай ақпарат Келісімнің 9.1-тармағын қандай да бір бұзумен байланысты емес басқа себеп бойынша жалпыға қол жетімді болған жағдайда;

Осы 9.1-тармақтың ережелері Келісімге қол қою сәтінде Қордың өкімінде болған және Компания (немесе оның кез келген Еншілес компаниясының) алдында құпиялылықты сақтау бойынша қандай да бір міндеттеменің мәні болып табылмайтын Компания ақпаратына қатысты қолданылмайды;

(d) Келісімнің 9-бабын қандай да бір бұзу нәтижесінде емес, Қор үшінші тұлғадан алған Компанияның құпия ақпараты.

9.2. Компания Қордың кез келген Құпия ақпаратына қатысты құпиялылықты сақтауды, сонымен қатар мыналарды ашудан басқа, Компания да, оның қызметкерлері де қандай да бір нысанда немесе қандай да бір тәсілмен Қордың құпия ақпаратын Қордың алдын ала жазбаша келісімінсіз, ашпауды қамтамасыз етуді міндетіне алады:

(a) Келісімде тікелей көзделген жағдайларда;



(b) өз директорларына, лауазымдық тұлғаларына, қызметкерлеріне және консультанттарына немесе осындай ақпарат оның міндеттерін орындау үшін қажетті Компанияның басқа Еншілес компанияларына, олар осындай ақпараттың құпия сипаты туралы хабардар және жарияламау туралы міндеттерді өзіне қабылдаған жағдайда;

(d) бұл заңға қатысты немесе кез келген мемлекеттік немесе басқа да реттеуші органның (ҚҚБ қоса алғанда) талап етуі жағдайларында, оның талаптарын Компания (немесе оның кез келген Еншілес компаниясы) немесе оның алдында Компания (немесе оның кез келген Еншілес компаниясы) есеп беретін компания сақтауға міндетті, егер бұл барынша мүмкін және заңмен рұқсат етілген болса, Компания Қорға ашылуы тиіс деректердің көшірмесін ашылғанға дейін ұсынса, сонымен қатар осындай деректерге Қор негізді талап еткен кез келген өзгерістер немесе толықтыруларды енгізеді;

(e) осындай ақпарат Келісімнің 9.1-тармағын қандай да бір бұзумен байланысты емес басқа себеп бойынша жалпыға қол жетімді болған жағдайда;

(h) Келісімнің 9-бабын қандай да бір бұзу нәтижесінде емес, Компания үшінші тұлғадан алған Қордың құпия ақпараты.

9.3. Келісім мәні бойынша келіссөз өткізуге немесе оның мәртебесіне қатысты ешбір хабарландыруларды (өтініштер, хабарламалар) егер басқасы Қазақстан заңнамасы бойынша талап етілмесе, ешбір Тарап басқа Тараптың жазбаша келісімін алмаса, жасамайды (бұндай келісім негізсіз қабылданбауы мүмкін емес және бұндай келісімді беру негізсіз кешіктіріле алмайды), бұлай болған жағдайда, хабарландыру жасауға ниеттенген Тарап басқа Тарапқа осындай хабарландырудың (өтініштер, хабарламалар) қажеттілігі туралы алдын ала жазбаша хабарлауы тиіс.

9.6. Тараптардың әрқайсысының осы 9-бапта көзделген міндеттемелері Келісімнің әрекеті қандай себеппен тоқтатылса да, кейін бір күнтізбелік жылдың ішінде әрекет етуін жалғастырады.

## 10. Келісімнің қолданысының тоқтатылуы

10.1. Келісімнің 10.2.-тармағының ережелерін ескере отырып, Келісім мына оқиғалардың қайсысы бұрынырақ болған жағдайда өз қолданысын тоқтатады:

- Акциялардың делистингі; немесе
- Қор Компания Акцияларының елу пайыздан астамын иеленуін тоқтатпағанға дейін,

10.2. Келісімнің қандай да бір басқа да ережелеріне қарамастан, Келісімде оларға қатысты Келісім қолданысы аяқталған соң да әрекет етуін жалғастырады деп тікелей көрсетілген Келісімнің

қолданысы кезеңінде туындаған Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды, (II) Тараптарды осы Келісімнің бұзылуының кез келген жағдайлары үшін жауапкершіліктен босатады.

## 11. Беру

11.1.Егер Қор қандай да бір Еншілес компанияның Акцияларын беруге ниеттенсе, Қор (1) осындай Еншілес компания Қордың орнына Келісімнің тарабы болуын қамтамасыз етуі тиіс және бұндай өзгеріс Еншілес компания Акцияларға меншік құқығын иеленген күннен бастап күшіне енуі тиіс; (2) Еншілес компания басқалардан бөлек Келісім бойынша Қор үшін көзделгенмен салыстырғанда ауыр емес шартпен Қордың Келісім бойынша тиісті міндеттемелерін орындау үшін жауапты болуға міндеттеме қабылдады.

## 12. Хабарламалар

12.1.Тараптар бір біріне Келісімге қатысты жіберетін хабарламалар жазбаша нысанда жасалуы тиіс және тиісінше жеткізілген болып саналады, егер:

(a) тиісті Тарапқа қолма қол тәсілімен Келісімде көрсетілген мекенжай (немесе бұндай Тарап Келісімнің 12-бабына сай хабарлайтын басқа мекенжай бойынша) бойынша жеткізілген болса;

(b) Келісімде көрсетілген факс нөмірі бойынша факспен жіберілген; немесе

(c) Келісімде көрсетілген электрондық мекенжай бойынша электрондық почтаға жіберіледі.

Кез келген хабарлама қолма қол тәсілмен берілген жағдайда дереу күшіне енген болып саналады (I), (II) факс бойынша жөнелтілген кезде жіберу сәтінде бір мезгілде сәтті жеткізу туралы есеп жасалған кезде, немесе (III) электрондық почта арқылы жіберген кезде жеткізілуі туралы растауды алған соң.

12.2. Хабарламалар мына талаптарды сақтай отырып жөнелтіледі:

(a) Қордың мекенжайына:

Қайда: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қонаев көшесі, 8

Блок: Б

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутованың назарына

Электрондық почтаның мекенжайы: [g.uskenbekov@sk.kz](mailto:g.uskenbekov@sk.kz)

(Б) Компанияның мекенжайына:

Қайда: 010010, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Алматы ауданы, Тәуелсіздік көшесі, 59-ғимарат

«KEGOC» АҚ Басқарма төрағасының корпоративтік басқару жөніндегі орынбасары Ж.М.Бексарының назарына

Факс нөмірі: 8 (7172) 97-04-55

Электрондық поchtаның мекенжайы: [kegoc@kegoc.kz](mailto:kegoc@kegoc.kz) и [Beksary@kegoc.kz](mailto:Beksary@kegoc.kz)

### 13. Қолданылатын құқығы

13.1. Келісім Қазақстан заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.

13.2. Келісім бойынша туындаған кез келген дау Қазақстан соттарына қарастыру мен реттеуге Қазақстан заңнамасында көзделген тәртіпте жіберілуі тиіс.

Келісімді КУӘЛАНДЫРУ үшін Тараптардың уәкілетті өкілдері жоғарыда көрсетілген күні қол қойды.

### 13. Тараптардың заңды мекежайлары және деректемелері:

<b>«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы</b>	<b>«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы (KAZAKHSTAN ELECTRICITY GRID OPERATING COMPANY) «KEGOC» акционерлік қоғамы</b>
Қазақстан Республикасы	Қазақстан Республикасы
010010, Астана қ. Қабанбай батыр көшесі, 23 СТН 620200333937 ЖСК KZ91125KZT1001300144	010010, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Алматы ауданы, Тәуелсіздік көшесі, 59- ғимарат СТН 600700153614 ЖСК KZ 736010111000023853
«Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі» ММ Алматы қ.	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ № 119900 Астана өңірлік филиалында
ВІС: NBRKKZKX БСН 081140000436 «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы	КБе 16 ВІС HSBKKZKX БСН 970740000838 «KEGOC» АҚ Басқарма

<p>_____</p> <p><b>Ө.Шөкеев</b></p>	<p><b>төрағасы</b></p> <p>_____</p> <p><b>Б.Қажиев</b></p>
-------------------------------------	--

KZ

<p><b>Акционерное общество «ФОНД НАЦИОНАЛЬНОГО БЛАГОСОСТОЯНИЯ «САМРУК- ҚАЗЫНА»</b></p> <p>010000, Республика Казахстан, г.Астана, пр. Кабанбай батыра, 23 РНН 620200333937 ИИК KZ91125KZT1001300144 ГУ «Национальный Банк Республики Казахстан» г. Алматы КБе 16 BIC: NBRKKZKX BIN 081140000436</p> <p><b>Председатель Правления АО «Самрук-Қазына»</b></p> <p>_____ <b>Шукеев У.Е.</b></p> <p>М.п. </p>	<p><b>Акционерное общество «Казахстанская компания по управлению электрическими сетями (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC»</b></p> <p>010010, г. Астана, район Алматы, пр. Тәуелсіздік, здание 59 РНН 600700153614 ИИК KZ736010111000023853 в Астанинском региональном филиале №119900 АО «Народный Банк Казахстана» КБе 16 BIC: HSBKKZKX BIN 970740000838</p> <p><b>Председатель Правления АО «KEGOC»</b></p> <p>_____ <b>Кажиев Б.Т.</b></p> <p>М.п. </p>
---	---